**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 1010 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін:

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Жоба

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; №

24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2013 жылғы 5 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

254-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«254-бап. Тәркілеу Заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мүлік меншік иесінен әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін санкция түрінде сот тәртібімен өтеусіз алып қойылуы (тәркіленуі) мүмкін.».

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72-құжат):

1) мазмұнында:

19-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**«19-тарау. Әскери қызметшілерге қатысты қамауға алуды орындау»;**

2) 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамдарды түзеу, сотталған адамдардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады.»;

3) 7-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация - пробациялық бақылауда болған кезеңде әрбір шартты түрде сотталған адамның жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатында олардың жүріс-тұрысын одан әрі түзету үшін қылмыстық-атқару

инспекциясының пробация қызметі оларға қатысты жеке әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені.»;

4) 10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қамауға алуға немесе бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар өздерінің денсаулығын сақтау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қамсыздандыру құқығын пайдаланады.»;

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Сотталған адамдардың жеке басының қауіпсіздігіне құқығы

1. Сотталған адамдардың және басқа да адамдардың тарапынан сотталған адамның жеке басына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаупі туындаған кезде ол қамауға алу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда лауазымды адам сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру бойынша дереу шаралар қабылдауға міндетті.

2. Мекеменің бастығы сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру туралы шешім, сотталған адамның жеке басына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігін болғызбайтын өзге де шаралар қабылдайды, оның жазаны одан әрі өтеу орны туралы мәселені шешеді.»;

6) 13-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталған адамдардың осы Кодекстің 10-бабының 2-тармағында көрсетілген органдарға жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі. Жазаның өзге түрлеріне сотталған адамдар ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын өздері жібереді.

3. Қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталған адамдардың жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдарға жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары цензураға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) тиесілілігі бойынша жіберіледі.»;

7) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Жазаны орындаушы мекемелер мен органдар

1. Айыппұл салу немесе мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны үкім шығарған сот, сондай-ақ мүліктің орналасқан жері бойынша және сотталған адамның жұмыс орны бойынша сот орындайды.

2. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындауды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы, түзеу мекемесі жүзеге асырады. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптарына сотталған адамның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігі, сондай-ақ

лицензиатты жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына берілген лицензиясынан айыруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықты органдар орындайды.

3. Қамауға алу түріндегі жазаны заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары және әскери полиция органдары орындайды.

4. Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы жазаны өз құзыреттері шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және ішкі істер органдары орындайды.

5. Құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден және біліктілік сыныбынан айыру бөлігіндегі сот үкімін атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сыныбын берген лауазымды адам орындайды.

6. Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциялары орындайды.

7. Өлім жазасы түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері орындайды.

8. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған немесе этаппен жөнелтілген сотталған адамдарға қатысты тергеу изоляторлары орындайды.

9. Шартты түрде сотталған адамдар, олардың жүріс-тұрысын одан әрі түзету және олардың жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатында әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады.»;

8) 18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жазаны орындаушы мекемелер мен органдар үкім шығарған сотқа сотталған адамдардың қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді, қамауға алуды, бас бостандығынан айыруды өтеуінің басталғаны және орны туралы және айыппұл, белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнайы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, мүлкін тәркілеу, өлім жазасы түріндегі жазалардың орындалуы туралы хабарлайды.»;

9) 22-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сотталған адам айыппұлды ерікті түрде төлемеген кезде жазаны орындау сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп жүргізіледі. Айыппұл сотталған адамның мүлкінен, оның ішінде сот айқындаған оның ортақ меншік құқығындағы мүліктегі үлесінен өндіріп алынуы мүмкін.

Сот шешімі орындалмаған жағдайда айыппұл соттың қаулысы бойынша қылмыстық жазаның өзге де түрлеріне ауыстырылуы мүмкін.»;

10) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Айыппұл төлеуден жалтару

1. Осы Кодекстің 22-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде айыппұлды төлемеген немесе өзінің табыстары мен мүлкін мәжбүрлеп өндіріп алудан жасырған сотталушы жеке тұлға айыппұл төлеуден жалтарған адам болып танылады.

2. Айыппұл төлеуден жалтарған сотталушы жеке тұлғаларға қатысты сот орындаушысы сотқа айыппұлды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабының үшінші бөлігіне сәйкес жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы ұсыным жібереді.»;

11) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі негізгі жазаларға қосымша ретінде тағайындалған, сондай-ақ шартты түрде сотталу кезіндегі жазаның орындалуын ұйымдастыруды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады.»;

12) 27-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айыппұлға, бас бостандығын шектеуге, қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тарту, сондай-ақ шартты түрде сотталған кезінде жазаның қосымша түрі ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мерзімі, егер бұл жағдайда қосымша жазаның орындалуы кейінге қалдырылмаса, сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі.»;

13) мынадай мазмұндағы 5-1, 5-2-тараулармен толықтырылсын:

## «5-1-тарау. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны орындау

29-5-бап. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны орындау шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды аумағына аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекеттің билік өкіліне беру арқылы не Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілетін адамның өздігінен кетуін бақылау арқылы жүргізіледі.

2. Егер шығарып жіберілетін адамды шет мемлекеттің өкіліне беру Қазақстан

Республикасының аталған мемлекетпен жасалған шартында көзделмесе, шығарып жіберу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі айқындайтын жерде жүзеге асырылады.

3. Егер шығарып жіберу Қазақстан Республикасының аталған мемлекетпен жасалған шартында көзделсе, шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өту пунктінен шығарып жіберу туралы аумағына (аумағы арқылы) аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекеттің билігі хабардар етіледі.

4. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны орындау екіжақты немесе біржақты акті түрінде ресімделеді.

## 5-2-тарау. Қамауға алу түріндегі жазаны орындау

29-6-бап. Қамауға алу түріндегі жазаны орындау

1. Қамауға алу туралы жазаны заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдары немесе әскери полиция органдары орындайды.

2. Ұстау мерзімі қамауға алу мерзіміне есептеледі.»;

14) 30-баптың 3-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жазаны өтеуден жалтарған сотталған адамдарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және сотқа іздестіру жариялау және бұл жазаны қамауға алумен ауыстыру туралы ұсыным енгізеді;»;

15) 35-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарған сотталған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару инспекциясы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 44-бабының екінші бөлігіне сәйкес сотқа қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа түрлерімен ауыстыру туралы ұсынымды жолдайды.»;

16) 36-баптың 3-тармағының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жазаны өтеуден жалтарған сотталған адамдарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және сотқа іздестіру жариялау және бұл жазаны Қылмыстық кодексте көзделген жазаның өзге де түрлерімен ауыстыру туралы ұсынымдар енгізеді;»;

17) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«58-бап. Тәркілеуге жататын мүлік

1. Сот үкімі бойынша сотталғанның мынадай мүлкі:

1) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алған ақшасы, құндылықтары және өзге де мүлкі және заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлік пен одан алынған табыстарды қоспағанда, осы мүліктен түскен кез-келген табысы;

2) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға

немесе өзге де қамтамасыз етуге арналған немесе пайдаланылатын ақшасы, құндылықтары және өзге де мүлкі тәркілеуге жатады.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде аталған мүлікке жататын белгілі бір затты тәркілеу, соттың осы затты тәркілеу туралы шешім қабылдау кезінде оның пайдаланылуы, сатылуы салдарынан немесе өзге де себеп бойынша мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркілеуге жатады.

3. Сотталған адамның сот үкімі бойынша тәркілеуге жатпайтын мүлік тізбесінде тізбеленген мүлкі тәркілеуге жатпайды (қоса беріледі).

4. Сот үкімі бойынша тәркілеуге жататын мүліктің тиесілілігі туралы даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі.»;

18) 5-бөлім. «Сотталған әскери қызметшілерге қатысты әскери қызмет бойынша шектеу, гауптвахтада ұстау түріндегі жазаларды атқару» деген алып тасталсын;

19) мынадай мазмұндағы 144-1-баппен толықтырылсын:

«144-1-бап. Әскери қызметшілерге қатысты қамауға алуды орындаудың жалпы мәселелері

1. Қамауға алуға сотталған әскери қызметшілер жазасын әскери полиция органдарының гауптвахтасында өтейді. Офицерлер, сержанттың, старшиналық және қатардағы құрамдардың әскери қызметшілері өзге де негіздер бойынша гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілерден бөлек және жеке ұсталады.

2. Қамауға алуға сотталған әскери қызметшілер қолданыстағы заңнамада айқындалған тәртіппен үкімді орындау туралы сот өкімін алғаннан кейін үш күн мерзімде жазасын өтеу үшін гауптвахтаға жіберілуге тиіс.

3. Әскери қызметшіге қатысты қамауға алу түріндегі жазаны орындаудың тәртібі мен шарттары қолданыстағы заңнамамен айқындалады.»;

20) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«145-бап. Сотталған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері

1. Қамауға алу түріндегі жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беруге арналған еңбек сіңірген жылдарына есептелмейді.

2. Жазаны өтеу уақытында сотталған адам кезекті әскери атақ беруге, жоғары тұрған лауазымға тағайындалуға, жаңа қызмет орнына ауыстырылуға және денсаулық жағдайы бойынша қызметке жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, әскери қызметтен босатылуға ұсыныла алмайды.

3. Қамауға алуға сотталған әскери қызметшілерге жазасын өтеу уақытында ақшалай үлес төленбейді.»;

21) 149-бап алып тасталсын;

22) 173-бапта:

1, 2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бөлгіш бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан

айыру, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеу, қамауға алу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу заңға сәйкес жаза мерзіміне енгізілуі мүмкін өзгерістер ескеріле отырып, жаза мерзімінің соңғы күнінде тоқтатылады.

2. Қамауға алуға және бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жаза мерзімінің соңғы күнінің бірінші жартысында босатылады.Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні аяқталатын болса, сотталған адамдар жазаны өтеуден демалыстың немесе мерекенің алдындағы күні босатылады. Жазаның мерзімі айлармен есептелген жағдайда, ол соңғы айдың тиісті күні, ал егер бұл айда тиісті күн болмаса - сол айдың соңғы күні бітеді.

4. Қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылатын адамның паспорты мен жеке куәлігі, оның еңбек кітапшасы мен зейнеткерлік куәлігі, сондай-ақ сотталған адамның жеке ісінде сақтаулы тұрған өзге де жеке құжаттары босатылған кезде оның қолына беріледі. Сотталған адамның жеке ісінде паспорты, жеке куәлігі, еңбек кітапшасы мен зейнеткерлік куәлігі болмаған кезде, жазаны орындаушы мекеменің әкімшілігі оларды алу жөнінде алдын ала шаралар қолданады.»;

23) 174-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қамауға алуды өтеуші сотталған әскери қызметшілер жазаны одан әрі өтеуден оларды әскери қызметке жарамсыз ететін ауруы болған жағдайда босатылады. Жазаның өтелмеген бөлігі оларға жазаның неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстырылуы мүмкін.»;

24) 181-бап алып тасталсын;

25) 182-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Пробациялық бақылау - бұл әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсете отырып, шартты түрде сотталған адамдарға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің жұмысы.»;

26) 183-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«183-бап. Пробациялық бақылау мерзімінің есептелуі

1. Пробациялық бақылау мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі.

2. Пробациялық бақылау мерзімі өткен соң шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысына пробациялық бақылау тоқтатылады және ол қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінен шығарылады.

Пробациялық бақылау мерзімінің ағымы соттың шартты түрде сотталған адамға іздеу жариялау туралы қаулысы шыққан кезден бастап тоқтатылады және сот шешімі бойынша қайта басталады.»;

27) 184-баптың 1, 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шартты түрде сотталған адам өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған,

қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдаған (бүлдірген), дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген, сотталған адам сот жүктеген міндеттерді орындамаған, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайларда қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметі сотқа пробациялық бақылауды ұзарту және күшейтілген пробациялық бақылауды, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа белгілеу туралы ұсыным енгізеді, сондай-ақ шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша нысанда ескерту шығарады.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі жеткілікті негіздер болған кезде сотқа пробациялық бақылауды ұзарту және бір жылға дейін күшейтілген пробациялық бақылауды белгілеу туралы ұсыным жібереді.

3. Шартты түрде сотталған адам осы баптың 1-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды пробациялық бақылау ішінде қайталап жасаған, заңды талапқа бағынбаған, сол сияқты шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін жасаймын деп қорқытқан жағдайларда не егер шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынса, сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы ұсыным жіберіледі.».

3. 1999 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат ; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14 , 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа түрлерін енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 839-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтанушының, сақтандырылған адамның және (немесе) пайда алушының қасақана жасалған қылмыстық немесе сақтандыру жағдайына себепті байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.»;

2) 843-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) соттың заңды күшіне енген тиісті шешімінің негізінде тәркіленуге жататын мүлік не қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың нысанасы болып табылатын мүлік сақтандыру объектісі болып табылса;».

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24 , 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 9, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж. , № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; 2013 жылғы 5 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 236-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүлік тәркіленген, мемлекет кірісіне өндіріп алынған, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залал өндіріп алынған, алимент өндіріп алынған, тарапы мемлекет болып табылатын мертігуден немесе денсаулыққа өзге де зақым келуден, асыраушысынан айрылуынан келтірілген зиянның орны толтырылған жағдайларда, сот өз бастамасымен атқару құжатын аумағы бойынша тиісті атқарушылық іс жүргізу органына орындауға жолдайды.»;

2) 241-3-баптың 1) тармақшасының сегізінші абзацы мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

«соттың шешім шығаруы сот үкімімен белгіленген қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде мүмкін болғандығының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда, аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады;»;

3) 253-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер істі қарау кезінде сот тараптардың, процеске басқа да қатысушылардың, лауазымды немесе өзге де адамның іс-әрекеттерінен қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапса, ол бұл туралы прокурорға хабарлайды.».

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160 -құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22 -құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-

құжаттар; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжаттар; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа түрлерін енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдары):

1) 16-бапта:

екінші бөлік алып тасталсын;

төртінші, жетінші және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік орган (лауазымды адам) заңсыз ұсталған, күштеп әкелінген, жеткізілген адамды дереу босатуға міндетті.

Әкімшілік ұстауға ұшыраған адамды ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төнуін болғызбайтын жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

Өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда заңсыз ұстаудың, оған қатыгездікпен қараудың нәтижесінде жеке тұлғаға келтірілген зиян заңда көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.»;

2) 35-бапта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әскери қызметшілер мен әскери жиында жүрген әскери міндеттілер әкімшілік құқық бұзушылық үшін тәртіптік жарғылар бойынша жауаптылықта болады.»;

екінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Аталған адамдарға атыс қаруын және суық қаруды алып жүру мен сақтау құқығынан айыру түрінде әкімшілік жаза қолдануға болмайды.»;

45-баптың бірінші бөлігінің 9) тармақшасы алып тасталсын;

46-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ескерту, әкімшілік айыппұл салу тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін.»;

55-бап алып тасталсын;

59-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтініш хаты бойынша сот әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде осы Кодекстің 111-1, 112, 332, 355-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тыйым салуларды толық көлемде немесе жеке көздейтін мынадай ерекше талаптар белгіленуі мүмкін:»;

7) 63-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол істерді бір судья, орган (лауазымды адам) қараса, бұл адамға белгілі бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы Кодексте белгіленген үш еселенген ең жоғары шегінен асыруға болмайды.»;

8) 65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«65-бап. Әкімшілік жаза мерзімдерін есептеу

Жеке немесе заңды тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру, сондай-ақ лицензиядан (арнайы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе оның қолданылуын қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тоқтата тұру мерзімі - жылдармен, айлармен немесе күнтізбелік күндермен есептеледі.»;

9) 71-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 85-3, 131, 158, 158-1, 158-2, 174-баптарында (үшінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің өтініші бойынша ғана қозғалады және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адаммен бітімгершілікке келуіне орай тоқтатылуға жатады.»;

10) 73-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әкімшілік жазалардың басқа да түрлері, сондай-ақ осы Кодекстің 45 және 57-баптарында аталған әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі кәмелетке толмағандарға жалпы негіздерде қолданылады.»;

11) 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 83-1-баптар алып тасталсын;

12) 84-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

13) 85-бап алып тасталсын;

14) 85-3-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

15) 87-3, 87-4, 97, 111-баптар алып тасталсын;

16) 111-1-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

17) 112, 115, 117, 128, 129, 136, 136-1, 136-2, 141-1-баптар алып тасталсын;

18) 144-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі

жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

19) 146-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

20) 151-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

21) 154, 154-1-баптар алып тасталсын;

22) 155-2-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

23) 159-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып не үш жылға дейінгі мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің отыздан бір жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

24) 160-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«160-бап. Арнайы техникалық құралдарды сату тәртібін бұзу

Сауда ұйымдары қызметкерлерінің арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу үшін арнайы техникалық құралдарды және ақпаратты қорғаудың криптографикалық құралдарын, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардан басқа, тиісті рұқсаты жоқ жеке тұлғаларға, ұйымдарға сатуы -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

25) 208-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - он бес, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - құқық бұзушылықты жасауға себеп болған заттар мен құралдар және оны жасау салдарынан

алынған мүлік тәркілене отырып, жүргізілген есеп айырысу сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

26) 209-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - құқық бұзушылықты жасауға себеп болған заттар мен құралдар және оны жасау салдарынан алынған мүлік тәркілене отырып, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - құқық бұзушылықты жасауға себеп болған заттар мен құралдар және оны жасау салдарынан алынған мүлік тәркілене отырып, ағымдағы төлемдердің кемітіп көрсетілген сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«құқық бұзушылықты жасауға себеп болған заттар мен құралдар және оны жасау салдарынан алынған мүлік тәркілене отырып, іс жүзіндегі салықтың асып түскен сомасының қырық пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

алтыншы бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«құқық бұзушылықты жасауға себеп болған заттар мен құралдар және оны жасау салдарынан алынған мүлік тәркілене отырып, патент құнының есебі кезінде азайтылмай, кемітіп көрсетілген салық сомасының отыз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

27) 214-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Елеулі залал келтіруге әкеп соқпаған, өндірушінің немесе импорттаушының акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды таңбалау қағидаларын бұзуы - »;

28) 222, 234-1, 241-баптар алып тасталсын;

29) 275-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

30) 276-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;

31) 283-бапта:

бірінші бөлік алып тасталсын;
үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ, осы баптың екінші бөлігінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер -»;
32) 298-бапта:
екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған аң аулау қағидаларын бұзу - »;
2-1-бөлік алып тасталсын;
ескерту алып тасталсын;
33) 306-1-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;
34) 320-бап алып тасталсын;
35) 324-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Тіркелмеген, қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру, сатып алу, тасымалдау, сақтау, өткізу, жарнамалау, егер бұлар адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқпаса - »;
36) 324-1, 330, 330-1-баптар алып тасталсын;
37) 332-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»
;
38) 334-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;
39) 336-бапта:
екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"2. Осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - »;
үшінші бөлік алып тасталсын;
40) 336-2-бап алып тасталсын;
41) 338-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«ойын құралдары, ақшасы, заттары мен өзге де құндылықтары тәркілене отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;
42) 338-1-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;
43) 341-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«341-бап. Кәмелетке толмағандар жасаған тағылық
Тағылық яғни мемлекет қорғайтын ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи объектілерді, адамдардың жерленген орындарын жазулармен немесе суреттермен немесе қоғамдық әдепті қорлайтын өзге де

іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру —

ата-аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

44) 343-бап алып тасталсын;

45) 344-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«өнімдері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

46) 352-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;

47) 355, 356-2, 357-баптар алып тасталсын;

48) 362-баптың 10) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

49) 362-1-баптың 10) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде , лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата отырып, екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

50) 363-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.» ;

51) 366, 367, 373-баптар алып тасталсын;

52) 374-бапта:

алтыншы бөлік алып тасталсын;

жетінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып және саяси партияның қызметіне тыйым сала отырып, саяси партияның басшысына төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

374-1-бап алып тасталсын;

375-баптың тоғызыншы бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Осы баптың бірінші, екінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -»;

55) 379-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«379-бап. Паспорттарды, жеке куәліктерді кепілге қабылдау

1. Азаматтардан паспорттар мен жеке куәліктерді кепілге қабылдау - ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

56) 388-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

57) 391-1-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберіле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болған көлік құралдары мен өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз, айлық есептік көрсеткіштің қырықтан бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

58) 393-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

59) 394-бапта:

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

төртінші бөлік алып тасталсын;

60) 394-1-бап алып тасталсын;

61) 443-баптың бесінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

62) 445-бап алып тасталсын;

63) 454-баптың бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктері алып тасталсын;

64) 467, 468-1, 468-2-баптар алып тасталсын;

65) 473-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

66) 474-1-бап алып тасталсын;

67) 475-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл

салуға әкеп соғады.»;

68) 495, 501-баптар алып тасталсын;

69) 512-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«512-1-бап. Әскери қызметшіні қорлау

1. Әскери қызмет міндеттерін орындау уақытында немесе орындауға байланысты олардың арасында бағыныстылық қатынастар болмаған кезде бір әскери қызметшінің екінші әскери қызметшіні қорлауы -

айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әскери қызмет міндеттерін орындау уақытында немесе осы міндеттерді орындауға байланысты бағыныстының бастығын, сол сияқты бастығының бағыныстыны қорлауы -

айлық есептік көрсеткіштің он бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер -

айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

70) 512-2, 512-3, 512-4, 512-5-баптар алып тасталсын;

71) 513-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ескерту жасауға не айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

72) 514-3-бап алып тасталсын;

73) 522-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

74) 523-бап алып тасталсын;

75) 524-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, ал лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

76) 528-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бірден беске дейінгі, лауазымды адамдарға оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

77) 529-бап алып тасталсын;

78) 539-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болған заттарды өтемін төлеп алып қою не осы заттарды тәркілеу, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау арқылы алынған табыстарды (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, нақты тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру (оның ішінде көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру), қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен ) айыру, өз бетінше тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты еріксіз бұзу, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді судья қарайды.»;

79) 541-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«541-бап. Соттар

1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 80-83, 84, 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 87-2, 87-5, 95, 96, 98, 99, 102-1,104, 105, 106, 107, 108, 109-1, 110, 110-1, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 130, 140 (екінші бөлігінде), 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 147, 147 -1 (екінші бөлігінде), 147-6 (2-1-бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 147-11, 147-12, 147-13 (үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 151, 151-1, 153, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 165, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 168-3, 168-5, 168-8, 175 (екінші бөлігінде) (жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 176 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179 (бірінші және екінші бөліктерінде), 179-1 , 183, 184, 184-1, 185, 187, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 200, 202, 203, 208-1, 209, 213 (төртінші - алтыншы бөліктерінде), 214, 218-1 (жетінші бөлігінде), 219-6, 219-8 (екінші және үшінші бөліктерінде), 223-226, 228-229, 230-1, 230-2, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 235 (екінші бөлігінде), 235-1 (төртінші бөлігінде), 237, 237-1, 240-2, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (үшінші бөлігінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде), 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші

бөлігінде), 306-2, 306-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 309-5, 310-1 (1-1 және екінші бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 317-4 (екінші және үшінші бөліктерінде), 318, 319, 319-1, 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-2, 326 , 327 (бірінші бөлігінде), 328, 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336-1 ( үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 342, 342-1, 344, 346-354-3, 355-1-356-1, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-5, 357-6, 357-7 (екінші бөлігінде), 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372, 374, 375, 376, 380 (екінші бөлігінде), 380-2, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 396 ( төртінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426-430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 446 (екінші бөлігінде), 446-1, 453 (екінші бөлігінде), 454 (үшінші бөлігінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 ( екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1, 513-514-2, 514-4-518, 520-522, 524-528 , 530-537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды. » ;

1-1-бөліктің 1), 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кәмелетке толмағандар жасаған осы Кодекстің 331, 332 (үшінші бөлігінде), 334 ( үшінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде), 500 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы;»;

2) осы Кодекстің 111, 111-1, 112, 112-1, 114, 115, 115-1, 116, 327 (екінші бөлігінде), 336-3 (екінші бөлігінде), 336-4 (екінші бөлігінде), 519-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судьялар, істің ведомстволық қаралуға жататындығына қарамастан, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа, әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдіктерді не азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен), арнаулы құқығынан айыру, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болып табылған заттарды өтемін төлеп алып қою не тәркілеу, сондай-ақ құрылыстарды еріксіз бұзу, белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

80) 543-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«543-бап. Ішкі істер органдары (полиция)

1. Ішкі істер органдары осы Кодекстің 131, 144, 160 (бірінші және екінші бөліктерінде), 163-1, 175 (екінші бөлігінде) (көлік құралдарының иелері және автомобиль көлігімен және қалалық электр көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 247, 277, 281-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 311, 328-1, 333, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336, 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 341 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 357-7 (бірінші бөлігінде), 364, 369 (бірінші бөлігінде), 370 (бірінші бөлігінде), 371 (бірінші бөлігінде), 377, 378, 379, 380 (бірінші бөлігінде), 380-1, 387, 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 439 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 440, 441, 443 (төртінші бөлігінде), 446 (бірінші бөлігінде), 459, 461 (бірінші - үшінші, төртінші - сегізінші бөліктерінде), 461-1, 462, 463 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 463-1, 463-2, 463-3 (бірінші - төртінші бөліктерінде) - 463-8, 464, 464-1 (үшінші бөлігінде), 465 (бірінші бөлігінде), 466 (бірінші бөлігінде), 468 (үшінші бөлігінде), 470, 471 (бірінші бөлігінде), 472, 473 (бірінші және екінші бөліктерінде), 474, 475, 476, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 478, 480, 481 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 482, 485-487, 500 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

екінші бөлікте:

2), 3), 4), 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Кодекстің 131, 160 (бірінші және екінші бөліктерінде), 163-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 311, 333, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336, 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 377, 380 (бірінші бөлігінде), 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары қалалық, аудандық бөлімшелерінің бастықтары;

3) осы Кодекстің 163-1, 298 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 330-1 (бірінші бөлігінде), 336, 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 389, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 396 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 439 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктерінде), 440, 441, 459, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 480, 485 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары желілік бөлімшелерінің, желілік пункттерінің бастықтары;

4) осы Кодекстің 131, 281-1, 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 311, 333 (бірінші бөлігінде), 336, 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 377, 387, 463 (бірінші бөлігінде), 470, 473, 476-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары полициясының учаскелік инспекторлары;

5) осы Кодекстің 333 (бірінші бөлігінде), 336, 338 (екінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары патрульдік учаскелерінің бастықтары;»;

8), 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) осы Кодекстің 281-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 311, 387-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдарының табиғат қорғау және мал-дәрігерлік полиция бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;

9) осы Кодекстің 333 (екінші бөлігінде), 336, 336-3 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) осы Кодекстің 298-1 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары полициясының балық қорларына қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары;»;

81) 548-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Көліктік бақылау органдары осы Кодекстің 246 (бірінші бөлігінде), 247, 357-2 ( бірінші бөлігінде), 439, 440, 440-1, 441, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 447-5, 448, 449, 450, 451, 452, 453 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 455, 456, 457, 458, 459, 460 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 461 (6-1-бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылатын кезде екінші және үшінші бөліктерінде), 467-1, 473-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479 - 481 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 483, 486 (бірінші бөлігінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

екінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«осы Кодекстің 247, 357-2 (бірінші бөлігінде), 440, 440-1, 441, 447, 447-1, 447-2, 447 -3, 447-4, 447-5, 452, 455, 456, 459-460 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 461 (6-1-бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылатын кезде екінші және

үшінші бөліктерінде), 467-1, 473-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479, 480, 481 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа), 483, 486 (бірінші бөлігінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша - көліктік бақылау органдарының осыған уәкілетті лауазымды адамдары құқылы.»;

82) 549-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 357-2 (бірінші бөлігінде), 492 (бірінші бөлігінде), 494 (бірінші бөлігінде), 494-1 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 496 (бірінші бөлігінде), 497-1, 497-2, 497-3-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

83) 551-бап алып тасталсын;

84) 554-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 122, 123 (екінші бөлігінде), 175 (екінші бөлігінде, шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық тұрғыдан қауіпті түрлерін жүзеге асыратын адамдар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 220 (бірінші бөлігінде), 240, 240-1, 240-2, 242-246 (бірінші бөлігінде), 247-250, 261, 264, 265, 270-272, 275 (екінші бөлігінде), 276, 291, 294, 296, 301, 302 (бірінші бөлігінде), 303 (бірінші бөлігінде), 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 306-1 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 306-3 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

85) 556-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органдары осы Кодекстің 461 (бірінші, екінші, төртінші - алтыншы бөліктерінде), 462 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463 (1-1-бөлігін қоспағанда), 464 (бірінші бөлігінде), 468 (үшінші бөлігінде), 470, 472-474, 475, 476, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 503, 505-512-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

86) 557-2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде осы Кодекстің 85-1 (бірінші бөлігінде), 85-2 (бірінші бөлігінде), 322 (бірінші және екінші бөліктерінде), 325-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

87) 584-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған не жасалуы әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не нысанасы болып табылған затты тәркілеу не ақысын төлеп алып қою не әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табыстарды (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, сондай-ақ шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкімшілік шығарып жіберу немесе адамға берілген арнайы құқықтан айыру түріндегі (көлік құралдарын жүргізу құқығын қоспағанда) әкімшілік жазаға әкеп соқтыратын әкімшілік

құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік жауаптылыққа тартылып отырған адамның қатысуы міндетті.»;

88) 599-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Прокурор кәмелетке толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралатын орны мен уақыты туралы хабардар етіледі. Ол болмаған кезде, мұндай істің қаралатын орны мен уақыты туралы прокурорға уақтылы хабарланғандығы туралы деректер болған және егер одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген жағдайда ғана қаралуы мүмкін.»;

89) 616-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Талап етіп алынатын мәліметтер талап алынған күнінен бастап үш күн мерзімде жіберілуге тиіс.»;

90) 619-баптың бірінші бөлігінің 1-1) тармақшасы алып тасталсын;

91) 620-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ішкі істер органдары (полиция) қызметкерінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі өз міндеттерін орындау кезінде әскери қызметшінің заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбаған, сондай-ақ сотқа құрметтемеушілік білдірген, шетел валютасымен және төлем құжаттарымен заңсыз операциялар жасаған, тауарларды немесе өзге де заттарды заңсыз сатқан, еркін сатылуына тыйым салынған немесе шек қойылған тауарлармен заңсыз сауда жасаған, тіркеусіз немесе лицензиясыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішіп немесе қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық әдепті қорлайтын мас күйде жүрген кезде ішкі істер органы (полиция) қызметкеріне немесе өзге де уәкілетті лауазымды адамға бағынбаған кезде, өрт қауіпсіздігі мен жол қозғалысы қағидалары, аң аулау, балық аулау және балық қорларын қорғау қағидалары бұзылған кезде және жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңнаманы басқа да бұзушылықтар кезінде қаруды алып жүру мен сақтау қағидалары бұзылған, нысанды киім мен айырым белгілері заңсыз киіліп, тағылған кезде, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібін бұзған кезінде - ішкі істер органдары (полиция);»;

92) 622-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

93) 623-баптың бесінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әкімшілік ұстау кезінде мерзімді есептеу жағдайларынан басқа, егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күнге тура келсе, онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің соңғы күні болып есептеледі.»;

94) 630-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Кодекстің 283-285, 287, 289, 297, 298-1, 302-306, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451, 453, 457, 460, 461 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 463 (екінші және үшінші бөліктерінде), 463-4 (үшінші, төртінші бөліктерінде), 470 (бірінші, екінші,

төртінші, бесінші бөліктерінде), 471 (екінші бөлігінде), 514 (461-466, 468, 469-471-баптарда көзделген құқық бұзушылық бөлігінде), 524-баптарында (461-466, 468, 469-471-баптарда көзделген құқық бұзушылық бөлігінде), осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді, оларды уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға, оның ішінде басқа көлік құралып (эвакуаторды), шағын көлемді кемені пайдалана отырып, жеткізу арқылы ұстау себептері жойылғанға дейін ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы;»;

95) 636-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ішкі істер органдарының (85-3, 86, 86-1, 87-5, 96, 111-116, 135-1, 143, 143-1, 147-1 (екінші бөлігі), 159, 162, 163 (үшінші және төртінші бөліктері), 163-2, 163-3, 163-4, 165, 203, 283 (үшінші бөлігі), 298 (екінші бөлігі), 298-1 (екінші бөлігі), 306-2, 314, 317-1 (азаматтық және қызметтік қаруларға және олардың патрондарына, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдардың айналымына байланысты химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 318, 319, 319-1, 321, 324-2, 331, 332, 334 (үшінші бөлігі), 335, 336, 336-1 (үшінші бөлігі), 336-2 (үшінші бөлігі), 336-3 (екінші бөлігі), 336-4 (екінші бөлігі), 338 (бірінші бөлігі), 338-1 (бірінші, оныншы және он бірінші бөліктері), 339, 340, 341 (екінші бөлігі), 344, 354-1, 355-1, 356, 357-1, 357-7 (екінші бөлігі), 362, 362-1, 363, 365, 368-1, 369 (екінші бөлігі), 371 (екінші бөлігі), 372, 373, 374 (бірінші - төртінші бөліктері), 380 (екінші бөлігі), 380-2, 388, 390 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері), 394 (үшінші бөлігі), 396 (төртінші бөлігі), 446 (екінші бөлігі), 461 (3-1-бөлігі), 463 (екінші, үшінші бөліктері), 463-3 (бесінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 (екінші бөлігі), 468 (бірінші және екінші бөліктері), 469, 471 (1-2 және екінші бөліктері), 473 (үшінші бөлігі), 474, 475, 477 (үшінші бөлігі), 484, 500 (екінші бөлігі), 501, 514 (461-466, 468, 469-471-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 518, 521, 524 (461-466, 468, 469-471-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 531-баптар);»;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі органдарының: әскери автомобиль полициясының (жиынға шақырылған әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер жасаған құқық бұзушылық туралы (388, 461 (3-1-бөлігі), 462 (екінші, үшінші бөліктері), 464 (екінші бөлігі), 465, 466, 468 (екінші бөлігі), 469, 471, 477-баптар (үшінші бөлігі), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің көлік құралдарын жүргізуші (жиынға шақырылған әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерден басқа) адамдар жасаған барлық жол қозғалысы қағидаларын бұзушылық туралы;»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери жол полициясының (арнаулы мемлекеттік органдардың көлік құралдарын жүргізуші адамдар жасаған, осы Кодекстің 461 (3-1-бөлігі), 463-3 (бесінші бөлігі), 464-1 (бірінші және екінші бөліктері), 465 (екінші бөлігі), 466 (екінші бөлігі), 469, 477 (үшінші бөлігі)-баптарында көзделген құқық бұзушылық туралы);»;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«әскери полиция органдарының (389-1, 512-1-баптар);»;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы органдардың 147-1 (екінші бөлігі), 283 (үшінші бөлігі), 298 (екінші және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 306-2, 356, 357-1-баптар);»;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның (240-2, 246 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 306-3 (екінші және үшінші бөліктері), 317-1 (химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 356-баптар);»;

жиырма бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының (140 (екінші бөлігі), 161 (төртінші және бесінші бөліктері), 163, 231 (екінші бөлігі), 233, 278 (бірінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 315, 317-1 (тамақ өнімдеріне, ойыншықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 323 (екінші бөлігі), 324, 326-328, 356, 362, 494 (екінші бөлігі)-баптар;»;

жиырма сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның (317-1 (машиналар мен жабдықтарға, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша), 356, 357-1, 442-баптар);»;

жиырма тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«көліктік бақылау органдарының (356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 453 (екінші бөлігі), 454 (үшінші бөлігі), 471 (1-1-бөлігі), 484-баптар);»;

отыз төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«қаржы полициясы органдарының (140 (екінші бөлігі), 143, 143-1, 143-2, 144-1, 145, 146-1, 151, 151-1, 154-1, 155, 155-2, 156, 157, 159 (үшінші және төртінші бөліктері), 158-4, 162, 163 (үшінші және төртінші бөліктері), 176 (бірінші бөлігі), 179 (бірінші және екінші бөліктері), 179-1, 200, 203, 211, 213 (бесінші және алтыншы бөліктері), 214, 217, 218-1 (жетінші бөлігі), 275-1, 306-2, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 357-3, 357-5, 514-514-2, 514-4-519, 521, 522, 532-535, 537-1-баптар);»;

отыз бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«салық қызметі органдарының (155, 156, 157, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы,

жетінші және тоғызыншы бөліктері), 163-4 (үшінші және төртінші бөліктері), 168-1, 208-1, 209, 213 (төртінші - алтыншы бөліктері), 214, 218-1 (жетінші бөлігі), 357-1, 357-2 , 357-5, 359, 361, 374 (бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктері), 532-535-баптар);»;

отыз жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«әділет органдарының (145, 168-3, 175 (екінші бөлігі) (осы бұзушылықтарды жеке нотариустар жасаған кезде), 353, 354, 354-2, 354-3, 356, 357-4, 357-5, 376-баптар);»;

қырық жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«атом энергетикасы жөніндегі органдардың (315, 316, 317-1-баптар) (машиналар мен жабдықтарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылық бойынша);»;

қырық сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің (298 (екінші және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 303 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 388, 390 (екінші бөлігі), 391 (екінші бөлігі), 391-1 (екінші және үшінші бөліктері), 393, 394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері)-баптар;»;

елу бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«күзету іс-шараларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің (135-1, 160, 220, 312, 323 (екінші бөлігі), 331, 332, 333, 336, 362-1, 368, 369 (екінші бөлігі), 370, 371 (екінші бөлігі), 388, 463 (1-1-бөлігі), 465, 472, 473-баптар);»;

елу бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (127, (екінші бөлігі), 163-6, 165, 237-1, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктері), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктері), 309-5 (екінші бөлігі), 342, 342-1 (бірінші, үшінші бөліктері, бесінші бөліктің екінші, үшінші абзацтары), 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 346-352-баптар);»;

елу тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау органдарының (85-1 (екінші бөлігі), 85-2 (екінші бөлігі), 322 (бесінші бөлігі)-баптар);»;

алпыс бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның (375-бап);»;

алпыс үшінші абзац алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілеттік берген мемлекеттік сот орындаушылары, сот приставтары және соттардың басқа да қызметкерлері (513-514-2, 514-4-522, 524-528, 530, 531-баптар);»;

96) 637-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Прокурор осы Кодекстің 80-83, 84, 85-1-85-3, 86, 87, 89-96, 98, 99, 102-1, 104-108, 109-1-110-1, 151, 158-5, 334-1, 342, 342-1, 344, 346-352, 353, 356-1, 357-3, 375, 381-

1, 513, 516-1, 521-1, 531, 537-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулы шығарады.»;

97) 639-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке тұлғалар бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы өтінішпен жүгінген кезде осы Кодекстің 80-83, 84, 85-1-87-2, 87-5-96, 98, 99, 102-1, 104-108, 109-1 -113-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді сот құқық бұзушылық туралы хаттама жасамай-ақ қарайды. Хаттама, егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу прокурор қаулысымен қозғалған жағдайларда және судья (сот) тікелей сот талқылауы барысында осы Кодекстің 541-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда да сотқа құрмет білдірмеу фактісін анықтаған кезде жасалмайды.»;

98) 640-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

99) 642-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Кодекстің 246, 247, 447, 447-1, 447-3, 461-466, 467-1, 468, 469-474, 475-487-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер көлік құралдары, кемелер, оның ішінде шағын көлемді кемелер есепке алынған жер бойынша немесе өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша да қаралуы мүмкін.»;

100) 647-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жасалуы Қазақстан Республикасының шегінен тыс әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен істің басқа материалдары алынған күні, ал әкімшілік ұстауға ұшыраған адамға қатысты - ол ұсталған кезден бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей қаралады.»;

101) 652-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған уәкілетті органға (лауазымды адамға) қаулының көшірмесі ол хабарланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырылады және (немесе) жіберіледі.»;

102) 660-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

103) 671-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

104) 675-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

105) 678-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) кінәсіне қарамастан, заңсыз әкімшілік ұстау, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану нәтижесінде адамға келтірілген зиян республикалық бюджеттен толық көлемде өтеледі.»;

106) 681-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

107) 697-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Арнаулы құқықтан айыру түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарылған кезден бастап орындалуға жатады.»;

108) 698-баптың үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнаулы құқықтан айыру түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы оны орындайтын уәкілетті органдарға ол шығарылғаннан кейін дереу жіберіледі.»;

109) 700-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың екінші бөлігінде аталған мәселелердің шешілуіне мүдделі адамдарға олардың қаралатын орны мен уақыты хабарланады. Бұл ретте мүдделі адамдардың дәлелсіз себептермен келмей қалуы тиісті мәселелерді шешу үшін кедергі болып табылмайды.»;

110) 701-баптың бірінші абзацының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнаулы құқықтан айыру немесе айыппұл салу (әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл өндіріп алуды қоспағанда) түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын заңда белгіленген мерзімде мүмкін етпейтін мән-жайлар болған кезде қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) өзіне қатысты қаулы шығарылған адамның өтініші бойынша қаулының орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады.»;

111) 727 және 728-баптар алып тасталсын.

6. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдары):

95-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан жер учаскесі сот тәртібімен санкция түрінде өтеусіз алып қойылуы мүмкін.».

7. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84 -құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар):

319-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық жатады.».

8. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж ., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдары):

1) 26-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кәмелетке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету , әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы еңбек қызметіне

кәмелетке толмағандарға қатысты: кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы, адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін сотталғандығы бар немесе сотталғандығы болған адамдар жіберілмейді.»;

2) 159-баптың 3-1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды күшіне енген сот үкімімен кінәлі екендігі анықталған жағдайда оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде алған жарақаттарының салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық туындаған қызметкерге;»;

3) 303-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысуды жалғастыруға арандатушы адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.»;

4) 322-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өз денсаулығына қасақана (әдейі) зиян келтіру нәтижесінде немесе зардап шеккен адам қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде;».

9. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат ; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа түрлерін енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдары):

145-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бақылау объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау материалдарын құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға береді.» .

10. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат;

2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат ; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат, № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2013 жылғы 5 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салықтық тексеру барысында салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден қасақана жалтару фактілері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін әдейі, жалған банкроттық фактілері анықталған кезде , салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес іс жүргізу шешімін қабылдау үшін тиісті құқық қорғау органдарына олардың тергеуіне жататын материалдарды жібереді.»;

2) 46-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасалған операциялар бойынша немесе жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған мәмілесі (мәмілелері) бойынша салықтық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын есепке жатқызуды немесе олардың есепке жатқызылған сомасын қайта қарауды салық қызметінің органы соттың үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін салық міндеттемесі мен талабы бойынша талап қою мерзімі шегінде жүргізеді.»;

3) 115-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сот жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасады деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша шығыстар;»;

4) 257-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сот жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасады деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша есепке жатқызылмайды.»;

5) 541-бапта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) қуынушылар - қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық залалды өтеу туралы талап қою бойынша;»;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«19) қуынушылар мен жауапкерлер - азаматқа заңсыз сотталу, бұлтартпау шарасы түрінде қамауға алу арқылы келтірілген залалды өтеуге байланысты даулар бойынша;»;

6) 557-баптың 3-тармағының 1), 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) салықтық және қылмыстық құқықтық бұзушылықтар жасаған тұлғалардың осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін, салық агентінің міндеттерін орындауы туралы сұрау салу бойынша, олардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген құзыреті шегінде заң бойынша қудалау мақсатында құқық қорғау органдарына;

2) салық төлеушінің салықтық міндеттемесін, осы Кодексте белгіленген тәртіппен салықтарды есептеу, ұстау және аудару бойынша салық агентінің міндеттерін айқындау немесе салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық туралы істерді қарау барысында соттарға;»;

7) 627-бапта:

5-тармақтың 2) тармақшасының тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сот іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша салық міндеттемесін анықтау мәселелері бойынша;»;

9-тармақтың 2) тармақшасының он сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сот іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша салық міндеттемесін анықтау мәселелері бойынша;»;

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Салық қызметі органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеуші жасаған операциялар бойынша және (немесе) сот іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша салық міндеттемесін анықтау мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, мұндай операциялар және (немесе) мәміле (мәмілелер) жасалған салық кезеңінде осы мәселелер бойынша салық тексерулері салық төлеушіге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілгенге және осы Кодекстің 608-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімнің өтуіне дейін жүргізілмейді.»;

8) 632-баптың 3-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сот іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп таныған мәміле (мәмілелер) бойынша салық міндеттемесін айқындау;»;

9) 638-баптың 9-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) егер салық қызметі органы осындай мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтерді осындай мәміле (мәмілелер) жасалған салық кезеңінде жүргізілген кез келген салықтық тексерудің кез келгені аяқталғаннан кейін алғаш рет алса, соттың өкімі немесе қаулысы күшіне енгеннен кейін жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған мәмілесі (мәмілелері) бөлігінде, айқындалған салық заңнамасын бұзушылыққа қатысты қолданылмайды.».

11. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

130-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, алкоголизмнен немесе нашақорлықтан не уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылған адамдарға қатысты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және созылмалы алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауырады деп танылған және ерікті түрде емделуден жалтаратын адамдарға сот шешімі бойынша қолданылады.».

12. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «

Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдары):

1) 4-баптың 1-тармағының 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«33) қылмыстық құқық бұзушылықтар және әкімшілік құқық бұзушылықтар - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар бойынша кеден органдары қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден органдары әкімшілік процесс жүргізетін (іс жүргізуді жүзеге асыратын) әкімшілік құқық бұзушылықтар;»;

2) 8-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алуды және жолын кесуді;»;

3) 9-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстауға және Қазақстан Республикасының кеден немесе өзге де органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізуге;»;

4) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар бойынша іс жүргізу Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде мұндай құқық бұзушылықтар бойынша қолда бар материалдарды Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына беруге міндетті.»;

5) 15-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеден органдары Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық бұзушылық деп танылатын, ол бойынша іс жүргізу кеден органдарының қарауына жататын құқыққа қарсы әрекетті дайындайтын, жасайтын немесе жасаған адамдарды анықтау, халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық кеден ұйымдарының, шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарының сұрау салуын орындау мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырады.»;

6) 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кеден одағының кеден заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден органдары алған кез келген ақпаратты олар тек кеден мақсаттары үшін, оның ішінде қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың жолын кесу үшін ғана пайдаланады.»;

7) 211-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Кедендік тексеру барысында қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде кеден органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.»;

8) 237-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кедендік бақылау жүргізу кезінде осы Кодекстің 244, 268, 283, 290, 312, 335, 338, 410 және 466-баптарында белгіленген жағдайларда кеден органдарының лауазымды адамдары қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар нысанасы болып табылмайтын тауарларды және оларға арналған құжаттарды ұстайды.»;

9) 283-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық қаруы, құралы немесе мәні болып табылатын тауарларға, қайтару туралы шешім қабылданған және осы Кодекске сәйкес кедендік декларациялауға жататын тауарларға қатысты кедендік декларация:»;

10) 300-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«300-бап. Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық анықталған кезде тауарларды шығару»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық анықталған кезде тауарларды шығару іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға немесе әкімшілік процесс аяқталғанға дейін, егер мұндай тауарлар алып қойылмаса немесе оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынбаса, жүзеге асырылуы мүмкін.».

13. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 75-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ата-ана өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде ата-ана құқықтарынан айырылады.»;

2) 150-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) егер көмекке мұқтаж жұбайының еңбекке жарамсыздығы спирттік ішімдіктерге, есірткі, психотроптық заттарға салынуы салдарынан немесе оның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауы салдарынан басталған;»;

3) 175-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер кәмелетке толған әрекетке қабілетті адамның алимент төлеуге міндетті адамға қатысты қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны анықталса немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетті адам отбасында лайықсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайда, сот оған алимент өндіріп беруден бас тартуға құқылы.».

14. «Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992

жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 2, 8-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 20-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.»;

2) 22-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) құқық бұзушылық жасағанына күдік келтірген кезде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру;»;

3) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«24-бап. Дене күшін қолдану

Ішкі әскердің әскери қызметшілері қоғамдық тәртіпті бұзуға байланысты құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстау кезінде, егер күш қолданбау тәсілдері өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етпесе, заңды талаптарға қарсы әрекеттерді жою үшін дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін де қолдануға құқығы бар.».

15. «Жедел-іздестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 20 , 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат):

14-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жедел-іздестіру қызметі процесінде алынған материалдар тергеу жұмыстарын әзірлеу мен жүзеге асыру және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және ашу жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу үшін, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының айғақтарды жинауды, зерттеуді және бағалауды регламенттейтін ережелеріне сәйкес тексерілген жағдайда қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесінде пайдаланылуы мүмкін.».

16. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік

тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15 -16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50 -құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18 , 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

11-баптың 4-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелуі деп танылса және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса және (немесе) қайтыс болған деп жарияланса және (немесе) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 214, 235, 237-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар болса;».

17. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат, № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

8-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігінің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) серіктестікті және (немесе) оның лауазымды адамдарын қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту;».

18. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 2001 ж., № 8, 50, 54-құжаттар; № 21-22, 285-құжат; 2006 ж., № 5-6, 31-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 20, 152-құжат;

2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 122-құжат, 2011 ж., № 16, 128-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат):

1) 23-баптың екінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) егер ол қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталған болса, оны сот шешімінің негізінде шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, жазаны өтеп болғанға немесе жазадан босатылғанға дейін;»;

2) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Құқық бұзушылық үшін жауаптылық негіздері Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық, әкімшілік және өзге де құқық бұзушылық жасаған шетелдіктер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей негіздерде жауаптылықта болады.».

19. «Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 19, 118-құжат; № 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 13-14, 144-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 11, 59-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат):

1) 2-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«-күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы бағытталған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;»;

2) 8-баптың 1), 2), 3), 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қол сұғатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың жолын кесу; бұлардың жасалу ықтималдығына ықпал ететін жағдайларды анықтау, әрі мұндай қылмыстарды болдырмау үшін өз құқығының шегінде шаралар қолдану;

2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтан және жазатайым оқиғадан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз күйге не болмаса денсаулығы мен өміріне қатерлі өзге де жағдайға ұшыраған күзетілетін адамдарға көмек көрсету;

3) күзетілетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігіне немесе күзетілетін объектілерде және олар болатын басқа да жерлерде қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін дайындалып жатқан қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен оқиғалар жөніндегі келіп түскен мәлімдеулерді, хабарларды және өзге де ақпаратты қабылдап алу; заңнамада көзделген шараларды уақтылы қолдану;

4) күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке

басының қадір-қасиетіне және меншігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды анықтап, іздестіруде құқық қорғау органдарына көмек көрсету;»;

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Дене күшін қолдану

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің күзетілетін адамдардың өміріне, денсаулығына, құқығына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне және меншігіне қауіп төндіретін қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстау, заңды талаптарға қарсы әрекеттерді жою үшін, егер күш жұмсалмайтын әдістер Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпейтін болса, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін де қолдануға құқығы бар.»;

4) 18-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға, олардың алдын алуға және жолын кесуге;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) құқық бұзушылық жасаған жағдайда азаматтарды ұстауға, ішкі істер органдарына, өзге де құқын қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметтік үй-жайларына әкелуге;».

20. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар ; № 2, 8-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған « Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды және қылмыстық теріс қылықтарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;»;

2) 4-4-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы арнаулы орган болып табылады және ішкі әскерлердегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, әскери қылмыстар бойынша, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жасаған басқа да қылмыстар бойынша анықтауды жүзеге асыруға, олардың арасындағы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, әскери қылмыстарды және қылмыстық теріс қылмыстарды ашуға, ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін іздестіруге арналған.»;

3) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары адамның және азаматтық құқықтары мен бостандығын қорғауда, қоғамдық тәртіпті сақтауда, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, құқық бұзушылықтардың алдын алуда, оларды анықтауда, жолын кесуде, ашуда және тергеуде ішкі істер органдарына жәрдемдесуге міндетті.»;

4) 10-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге және ашуға;»;

4-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4-6) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасалуына күдіктілерді қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне іргелес аумақта ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге, олардың жеке өзін тексеріп қарауды жүзеге асыруға;»;

30-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«30-4) кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан, оның ішінде өздерінің қарауына жатпайтын құқыққа қайшы қол сұғушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамға қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде уақтылы шаралар қолдануға; қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды ұстап отыру үшін уақытша ұстап отыруға арналған оқшаулау бөлмелері болуға;»;

30-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«30-5) құқықтың тәртіпті сақтау жөніндегі, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық жасап, әкімшілік қадағалауға алынған және алдын алу ықпалы жасалуға тиіс адамдарды есепке алу міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпараттық жүйелерді құруға және пайдалануға, есепте тұратын

адамдардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;»;

5) 11-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасады деген күдік туған кезде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген қағидалардың сақталуын тексеруге қажетті басқа да құжаттарды тексеруге;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, оларды ашу және тергеу кезінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге;»;

9) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша күзетпен қамауға алынған, ұсталған, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасады деген күдік туғызған не оны жасаған адамдарды, олардың жеке басын анықтау мүмкін болмаған кезде, тіркеуге, фотосуретке түсіруге, дыбыс жазбасын, кино және бейне түсірілім, дактилоскопия жасауға;»;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасалуына күдікті адамдарды қудалаған кезде не ол жерде қылмыстық құқық бұзушылық, әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалып жатыр, жазатайым оқиға болды деп ойлауға жеткілікті деректер болған кезде, сондай-ақ дүлей зілзалалар, апаттар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздік кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсідікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және езге де үй-жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй-жайларға (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге және оларды қарап тексеруге құқылы. Азаматтарға тиесілі тұрғын және өзге де үй-жайларға баса-көктеп кірген жағдайлар туралы осыған уәкілеттік берілген ішкі істер органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етуге;».

21. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат;. № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат, № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1,

3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 15-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің азаматтардың өміріне, денсаулығына, құқықтарына, бостандығына, жеке басының қадір-қасиетіне, оның және мемлекеттің меншігіне және қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарды ұстау үшін, егер күш қолданбау тәсілдері ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етпесе, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты жағдайды, заңды талаптарға қарсы іс-қимылды еңсеруді ескере отырып, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.»;

2) 18-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.».

22. «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 13, 272-құжат; 2002 ж., № 18, 159-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 5-6, 40-құжат; 2009 ж., № 24, 122-құжат):

2-баптың а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«а) экстремистік және террористік қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін;».

23. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат):

12-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) нотариус қылмыс жасағаны үшін сотталғанда - қасақана қылмыс жасағаны үшін үкім заңды күшіне енгеннен кейін;».

24. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147

-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; 2012 ж., № 4, 30, 32-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 2-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар - мемлекеттің функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттігін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адамдар, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Парламент депутаты, судья.»;

2) 3-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мәслихаттардың депутаттары;»;

3-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

3) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза, әкімшілік жауаптылық пен жазалау шарасы тиісінше Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде кезделеді.»;

4) 5-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, ашу, жолын кесу және олардың алдын алу мақсатында жедел-іздестіру қызметі мен өзге де қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ құқыққа қайшы келетін жолмен тапқан ақша қаражаты мен өзге де мүлікті заңдастыруға жол бермеу мақсатында заңда белгіленген тәртіппен арнайы қаржылық бақылау шараларын қолдану;»;

5) 6-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 2-тармағында аталған органдар өз өкілеттіктерінен туындайтын шараларды қолдануға және жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және ақпарат органдарына дереу жіберуге міндетті.».

25. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-

құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 81-құжат; № 11, 102-құжат ; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат):

35-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға медициналық-санитариялық көмек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен көрсетіледі.».

26. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 6, 190-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; 2009 ж., № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 24, 152-құжат; 2011 ж., № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 13, 62-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 2-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) арнаулы қабылдау орны - ішкі істер органдарының қамауға алынған адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекемесі;»;

3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қамауға алынған адам - өзіне қатысты сот қамауға алу түріндегі жазалау үкімін шығарған адам;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қабылдау-бөлу орны - ішкі істер органдарының белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды, оның іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқықтық бұзушылық белгілері болмаған кезде және олардың жеке басын өзгеше тәсілдермен анықтау мүмкін болмаған кезде оларды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекемесі;»;

2) 5-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қамауға алынған адамдарды арнаулы қабылдау орындарына орналастыру судьяның оларды қамауға алу туралы шешімі негізінде жүзеге асырылады;»;

3) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары (бұдан әрі - тергеу изоляторлары) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған күдіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған.»;

4) 10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік шекараны бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалуына күдіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау орындарына жеткізу жүзеге асырылғанға дейін әкімшілік ұсталуға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы

жабдықталған үй-жайларда ұсталуы мүмкін.»;

5) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Күзетте ұстау орындарында режимді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі Қылмыстық құқық бұзушылық жасалуына күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстау орындарындағы ішкі тәртіп қағидаларын (бұдан әрі - Ішкі тәртіп қағидалары) бекітеді.»;

6) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасауға себепші болуы мүмкін құпия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары бар хаттар адресатқа жіберілмейді, күдіктілер мен айыпталушыларға табыс етілмейді және қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға беріледі.»;

7) 32-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қылмыстардың қауіпті қайталап жасалуы жағдайында сотталғандар;»;

8) 39-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

9) 46-3-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасауға қатыстылығы анықталған;»;

10) 46-6-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«46-6-бап. Қамауға алынған және арнаулы қабылдау орындарына жеткізілген адамдарды қабылдау және тіркеу»;

1-тармақта:

бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қамауға алынған адамдар арнаулы қабылдау орнына түскен кезде:»;

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) судьяның өзі қол қойған және соттың мөрімен бекітілген қамауға алу туралы шешімінің;

3) қамауға алынған адамның жеке басын куәландыратын құжаттарының болуы тексеріледі.»;

3 және 4 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қамауға алынған адамдардың арнаулы қабылдау орнына орналастырылғаны немесе олардың тиісті медициналық ұйымдарға жіберілгені туралы арнаулы қабылдау орнының әкімшілігі бір тәулік ішінде олардың жақын туысқандарына тұрғылықты жері бойынша хабарлайды.

4. Қамауға алынған адамдардың сотқа, прокуратура органдарына немесе басқа да мемлекеттік органдарға жазған өтініштері қаралмайды және олар берілген уақытынан

бастап жиырма төрт сағат ішінде мекенжайы бойынша жіберіледі.»;

11) 46-7-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«46-7-бап. Қамауға алынған адамдарды ұстау режимі»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қамауға алынған адамдар есіктерінде берік ілмектері және қарау тесіктері болуға тиіс камераларда ұсталады, терезелер металл тормен жабдықталады. Әрбір камерада арнаулы қабылдау орнындағы ішкі тәртіп қағидалары ілінеді.»;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қамауға алынған адамдарға «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дене күші және арнайы құралдар қолданылуы мүмкін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қамауға алынған, арнаулы қабылдау орындарында ұсталатын адамдар күзетпен ұсталатындар және уақытша ұстау изоляторындағылар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі. Тамақ өнімдерін күн сайын ведомость бойынша кезекші береді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Туберкулездің жұқпалы түрімен, соз және басқа да инфекциялық аурулармен ауыратындар қамауға алынған басқа адамдардан оқшауландырылады.»;

12) 46-8-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«46-8-бап. Қамауға алынған, арнаулы қабылдау орындарында ұсталатын адамдардың құқықтары мен міндеттері»;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қамауға алынған, арнаулы қабылдау орындарында ұсталатын адамдардың:»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қамауға алынған, арнаулы қабылдау орындарына орналастырылған адамдар арнаулы қабылдау орнындағы ішкі тәртіп қағидаларын орындауға міндетті.»;

13) 46-9-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«46-9-бап. Қамауға алынған адамдарды арнаулы қабылдау орнынан босату»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қамауға алынған адамдар арнаулы қабылдау орнынан судьяның шешімімен белгіленген қамау мерзімін өтегеннен кейін босатылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қамауға алынған адамдар атыс қаруын немесе суық қаруды, жарылғыш, қатты әсер ететін немесе улы заттарды және есірткі заттарды заңсыз сақтаған кезде шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданады.».

27. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 773-құжат; 2001 ж., № 13-14, 170-құжат; 2003 ж., № 4, 24-құжат; № 18, 142-құжат ; 2005 ж., № 14, 61-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 5, 36-құжат; № 13, 91-құжат; № 20-21, 123-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 14, 75-құжат):

1) 27-баптың 1-тармағының 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) қылмыс жасағаны не қасақана қылмыстық теріс қылығы үшін соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;»;

2) 28-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік қызметшілер құқық бұзушылық жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерде және тәртіппен тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауаптылықта болады.».

28. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

20-баптың 3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) депутатқа қатысты қылмыс не қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енсе;».

29. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар;

№ 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39 -құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

3-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) әділет органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңға сәйкес іс жүргізу;».

30. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 11, 63-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат):

17-2-баптың 9-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жәбірленушінің іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен көлік оқиғасымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылса;».

31. «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 12, 84-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

1) 20-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттер жасағанда;»;

2) 21-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің;».

32. «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 12, 89-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

1) 20-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не

әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттер жасағанда;»;

2) 21-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) аудиттеу субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.».

33. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат ; № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған « Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

24-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.».

34. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат):

29-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.».

35. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11,

102-құжат; № 23, 178-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

1) 1-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қылмыстық-құқықтық статистика - қылмыстық-құқықтық саладағы қылмыстық, қылмыстық сот ісін жүргізудің, атқарушылық іс жүргізудің жай-күйі, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалғаны үшін жазалау және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қолданылуы туралы мемлекеттік құқықтық статистика саласы;» ;

2) 12-баптың 3-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды;»;

мынадай редакциядағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарды;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) экстремистік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды және сот экстремистік деп таныған ұйымдарды;».

36. «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 179-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

1) 19-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерді жасаған;»;

2) 20-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) туристің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.».

37. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

11-баптың 1-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтанушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.».

38. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат ; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

36-баптың 3-тармағының 9-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жүзіп жүрген кемеде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар әрекеттер анықталған жағдайда бұл туралы құқық қорғау органдарын дереу хабардар етуге және мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдікті адамды оның жақын жердегі портта немесе жақын жердегі елді мекенде аталған органдарға берілуіне дейін ұстауға; ».

39. «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 94-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 9, 44-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

1) 20-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сақтанушы (сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттер жасаған;»;

2) 21-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.».

40. «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 104-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):
1) 7-бапта:
1-тармақта:
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;»;
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) заңдарда көзделген жағдайларда қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстауға және құқық қорғау немесе өзге де мемлекеттік билік органдарына алып келуге құқығы бар. Қажет болған жағдайда, ұсталған адамда қару немесе өзге де қауіпті заттар не қылмыстық іс үшін мәнді нәрселер бар деп ұйғаруға негіздер болған кезде, ұсталған адамның киімін тексеруге және аталған органдарға тапсыру үшін оларды алып қоюға;»;
2-тармақта:
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) ішкі істер органдарын өздеріне мәлім болған дайындалып жатқан не жасалған қылмыстық құқық бұзушылық фактілері туралы дереу хабардар етуге;»;
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған азаматтарға мәжбүрлеу шараларын оларға қолданудың негіздерін түсіндіруге;»;
2) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ азаматты көтермелеуге ұсынған ішкі істер органының өкілдері енгізіледі. Комиссия жергілікті атқарушы органдарда тіркелмеген азаматтарды да, егер олар қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге немесе оларды ашуға септігін тигізсе, осы Заңда белгіленген тәртіппен көтермелеуге құқылы.».
41. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 105-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 22, 130-құжат, № 24, 149-құжат, 152-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар):
1) 10-бапта:
3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«3) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың

орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;»;
10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«10) он сегіз жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса арнаулы мекемелерде ұстайды.»;
2) 13-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Арнаулы білім беру ұйымының тәрбиеленушісі қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа дейін қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар қоғамға қауіпті әрекет жасаған жағдайда, ол осы Заңның 14-бабында белгіленген тәртіппен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберілуі мүмкін.»;
3) 14-баптың 7-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толғанға дейін қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар қоғамға қауіпті әрекет жасаған жағдайда ұзартылуы мүмкін.»;
4) 19-баптың 1-тармағының 7), 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
«7) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа толмауына байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын немесе психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуының кешеуілдеуі салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасаған;
8) қамауға алуға байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдап алынған, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған немесе күдікті болған;»;
5) 22-2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кездесулер арнаулы мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің бақылауымен жүзеге асырылады. Кәмелетке толмағанға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін не қылмыстық құқық бұзушылық жасауға итермелеуі мүмкін мәліметтер беруге әрекет жасалған жағдайда, кездесулер мерзімінен бұрын тоқтатылады.»;
6) 22-7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандарға адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыстық құқық бұзушылық құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін не кәмелетке толмағандардың осы мекемелерде ұсталу мақсаттарына кедергі келтіретін нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін өзімен бірге ұстауына тыйым салынады.».
42. «Әскери полиция органдары туралы» 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 5, 4-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):
1) 8-бапта:
4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдікті, сондай-ақ анықтау, алдын ала тергеу

органдарынан немесе соттан жасырынып жүрген айыпталушы немесе сотталушы әскери қызметшілерді ұстауға;»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) әскери полиция органдары ұстаған не тергеуде және сотталуда жатқан әскери қызметшілерді ұстау үшін, не қамауға алуды қолдану үшін арнайы үй-жайға - гауптвахтаға ие болуға құқылы.»;

2) 9-баптың 4), 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, әскери бөлім орналасқан жерді өз бетімен тастап кеткен, қылмыстық құқық бұзушылық жасап, анықтау, алдын ала тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаны орындаудан жалтарып жүрген әскери қызметшілерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда іздестіруді жүзеге асыруға;

5) шақыру немесе келісім - шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өту уақытында запастағы азаматтар; өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметтегі адамдары немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жердегі азаматтық қызметтегі адамдар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңда белгіленген тәртіппен анықтау жүргізуге;»;

3) 10-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.»;

4) 11-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қылмыс үстінде ұсталған және қарсылық көрсеткен, қамаудан қашқан адамдарды ұстау, сондай-ақ қаруланған адамды ұстау;».

43. «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 23, 90-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

1) 21-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтанушы (сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекет (әрекетсіздік) жасаған;»;

2) 22-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің

салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.».

44. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 10-11, 56-құжат):

11-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілеу туралы істерді қарау барысында соттарға;».

45. «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2008 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 20, 80-құжат; 2010 ж., № 24, 153-құжат; 2012 ж., № 5, 39-құжат):

2-баптың 1-тармағы 6) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«медициналық қорытындыға сәйкес кәсіби міндеттерін одан әрі орындауға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы бойынша, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тану туралы не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне, қылмыс немесе қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне, Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына, судьяның қайтыс болуына немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне байланысты судьяның өкілеттіктері тоқтатылған жағдайларда Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқаратын лауазымдарынан босату мәселесін қарайды;».

46. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат):

39-баптың 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«24) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша істің сотқа дейінгі тергеуін жүргізу үшін құқық қорғау органдарына материалдар жібереді;».

47. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

1) 1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) заңсыз жолмен алынған кірістер - қылмыстық және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша және (немесе) өзге де мүлік;»;

2) 12-баптың 4-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жеке тұлғаны экстремистік қылмыс белгілері бар қылмысты не Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 253-256-баптарында көзделген қылмысты жасауға кінәлі деп тану туралы Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген үкімі;».

48. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 114-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу және жәбірленушінің, куәнің және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын және қылмыстық процесті жүргізетін органдар іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын және іс жүргізудің қауіпсіздік шараларын қолданады.».

49. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 2, 10, 13-құжаттар; № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат):

20-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған босқындар және пана іздеген адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей негіздерде жауапты болады.».

50. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 1-2, 3-құжат; 2013 ж., № 13, 64-құжат):

16-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қылмыс немесе қасақана қылмыстық теріс қылық жасаған адамға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайларда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.».

51. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат, № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; 2013 жылғы 5 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 112-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Екінші кезекте патенттер берілген шығармаларды, өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдаланғаны үшін авторларға тиесілі сыйақы төлеу туралы талаптар; қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықпен өздерінің мүлкіне келтірілген залалды өтеу жөніндегі азаматтардың талаптары қанағаттандырылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. төртінші кезекте салық және бюджетке төленетін және басқа да міндетті төлемдер бойынша талаптар; қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеу жөніндегі заңды тұлғалардың талаптары қанағаттандырылады.»;

2) 119-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылған, қылмыстық сот ісін жүргізудің шығарылған шешімі бойынша орындау үшін берілген атқару құжатын ұсынатын жеке тұлғалар;».

52. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 8, 40-құжат; № 24, 149-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат):

29-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүріп-тұру бостандығын алдын ала шектеу белгілі бір тұрғылықты тұратын орны және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамға қатысты, оның іс-әрекеттерінде қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың белгілері болмаған және оның жеке басын анықтаудың езге тәсілдері мүмкін болмаған кезде жеке профилактика шарасы болып табылады.».

53. «Сыртқы барлау туралы» 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 10, 46-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат):

16-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сыртқы барлау органы қызметкерлерінің азаматтардың өміріне, денсаулығына,

құқығына, бостандығына, жеке басының абыройына, олардың және мемлекеттің меншігіне және қорғалатын мүдделеріне қол сұғатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарды ұстау үшін, егер күш қолданбау тәсілдері сыртқы барлау органына жүктелген міндеттерді орындауды қамтамасыз етпесе, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты жағдайларды, заңды талаптарға қарсы әрекетті еңсеруді ескере отырып, дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға құқығы бар.».

54. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 7, 34-құжат; № 14, 75-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағында 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған;»;

2) 58-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Қызметтік тергеу жүргізу кезінде қызметкердің әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, қызметтік тергеу жүргізу туралы шешім қабылдаған құқық қорғау органының басшысы немесе уәкілетті басшысы алынған материалдарды шешім қабылдау үшін тиісті құқық қорғау органдарына дереу беруге міндетті.».

55. «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 2, 27-құжат; 2012 ж., № 6, 44-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (дау-шарлар) медиацияның қолданылу саласы болып табылады.»;

2) 27-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дау-шарды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жәбірленушімен бітімге келу жолымен дау-шарды реттеу туралы келісімді білдіреді.».

56. «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 31-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 51-бапта 8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қылмыс немесе қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі арнаулы мемлекеттік органға келіп түскен кезде;»;

2) 77-баптың 10-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ол қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кезде;»;

3) 80-баптың 5-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған кезде;».

**2-бап**. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК